

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Б. А., АЛТЫНБАЕВ

профессор

кафедры «Маркетинг и коммерция»

ҚазЭУ им. Т. Рыскулова

Оқу, білім, ғылым жүйесінде ерекше ұйымдастырушы – басшылық қасиетімен және жастарды оқытуға қазіргі нарықтық экономиканың өзекті мәселелеріне шешуге, заманына қажетті, әрі лайықты білікті мамандарды даярлауға, жаңа оқу технологияларын енгізе білген, ғылыми еңбегімен елге кеңінен танылған ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз, білікті экономист, ҚР ҰҒА - ның академигі Кенжеғали Әбенұлының 70 жылдық мерейтойы ел көлемінде аталып жатыр.

Осы заманның талаптарын жете түсіне білген, озық ойлап, сергек әрі көреген қайраткердің, асыл азаматтың бедерлі белестерін аз-кем болса да саралап көрелік.

Бірінші кездесуіміз, бірінші танысуымыз, көктем айы, 1962 жыл. Мен Қазақ мемлекеттік университетіндегі «Экономика» факультетінің 4 курс студентімін, бізге бір арықтау келген шынашақтай, жұпыны киінген жас мұғалім «Экономика және материалдық - техникалық жабдықтауды жоспарлау» пәні бойынша дәріс берді. Өте тамаша, әрі сөзі тартымды, терең, мазмұнды, ойлы, салмақты, салдарлы, қысқа да нұсқа. Біз, әрине, бұл кім болды дейміз ғой, ол Кенжеғали Әбенұлы Сағадиев. Бұл жас ұстаздың алғашқы асқан биік асуларының бірі еді. Сол кездегі небір ғылымның, білімнің марқасқалары: А.И. Белов, Т. Шауқенбаев, Ф.А. Жеребятъев, Я.Әубәкіров, Д. Қабдиев, К.Оқаев, К. Бердәлиев, А. Нұрсейт, тағы басқа көптеген көзі ашық, озық ойлы, шоқтығы биік, оқымыстылар мен бірге Алматы халық шаруашылық институтының құрылуына, сыбана кірісіп қарқынды дамуын бағдарлама жасап, соны жақсартудың жолдарын іздестіру Кенжеғали Әбенұлы қатысқан төл іс

болды, ол жас ұстаздың үлкен көрнекті белесінің бірі еді.

Ол жұмыстан біртіндеп өсті, оқымыстылардың қақ ортасында қақ ортасында жүріп, өмірлік сабақ алды. Жастарға, студенттерге не керек екенін, олардың тілек талабын ұғыну оны іскерлікке үйретті. Әрбір іске нақтылықты, нақты нәтижеге жетуді қалады.

Қайсарлық қуат, таусылмайтын жігер, ізгілік іс Кенжеғали Әбенұлының ізденісімен осы институтта жаңа мамандықтармен кафедралады дамыту мәселелерін ойдағыдай шешу мақсатында да бірсыпыра игілікті іс-шаралар жүзеге асты. Оған мысал – сол кезде ашылған «Экономика және материалдық - техникалық жабдықтауды жоспарлау» кафедрасы. Бұл кафедраның беделінің өсуі соншалықты сол кездегі Г.В.Плехановатындағы Мәскеухалықшаруашылық институтының «Материалдық - техникалық жабдықтауды ұйымдастыру және жоспарлау» кафедрасының оқымыстылармен, әсіресе оның меңгерушісі белгілі ғалым, РСФСР - дың еңбек сіңірген ғылым қайраткері, э.ғ.д., профессор Н.Д. Фасолякпен өте тығыз, бірігіп жұмыс істеу, көп жастарды аспирантураға жіберіп оқыту, оларға мүмкіншілік болғанша қамқорлық жасау және диссертациялық ғылыми жұмыстарын дер кезінде қорғауындағы Кенжеғали Әбенұлының үлесі үлкен. Мұның өзі оны жастарға және халыққа жақындата түсті, осылайша, Сағадиевтің ғылыми мектебі деген атаққа ие болды. Оны өзім де сездім, көзіммен көрдім, бұл рас.

Міне тәуелсіз ел, еркін экономика деген ұғым оқу орнында ерекше орын алып, экономикалық оқу саласы жүйесін түгелдей күрт өзгеруіне себепші болған осы Кенжеғали Әбенұлы болды.

1992 жылы ҚРҰҒА - ның жауапты хатшысы қызметінен ауысқан ол, бұрынғы Қазақтың Мемлекеттік экономика университетінің, сосын Қазақтың мемлекеттік басқару академиясының ректоры болысымен, білім беру ісіне озық технологияларды енгізе отырып, оқу сапасын биік деңгейге көтереді, ол қазір де жалғасын тауып келе жатыр.

Жаңашылыққа жаны құмар ол қазіргі нарық экономикасында болып жатқан құбылысты ескере отырып, сол кезде көп ғалымдар мен оқытушыларды шетелге жіберіп, солардың тәжірибесін үйренуге, ой - өрісін кеңітіп, үздік үлгілерді көріп білуге жағдай жасады. Осындай маңызды шаруалар, білім беру ісіне, жастарды оқытуға, жаңа, озық технологияларын енгізуге қол жеткізді.

Кенжеғали Әбенұлы реті келген жерде айтатын пікірін бүкпей айтып қылатын, нағыз қайраткерлер санатындағы батыл жан, айтса да кесіп сөйлейтін, өткір, алғыр, тура мінезді, сыр бүкпейтін азамат. Сондықтан кейінгі жастар аға ұрпақтың еңбегін адал бағалауда адамгершіліктің, өркениеттіліктің белгісі, олардың еңбегіне құрметпен, сыйластықпен, түсіністікпен қарағаны абзал.

Өткен ХХ ғасырдың 70 жылдарында ғылым айдынына жаңадан шыққан көптеген жас ғалымдар, олардың ішінде Кенжеғали Әбенұлы да бар еді. Ол көп жыл талмай жүргізіп келе жатқан зерттеу жұмыстары жарық көре бастады. Ғылымның зерттеу еңбектерінің нәтижесінде 4 наурыз 1977 жылы докторлық диссертациясын қорғау сәті келді. Бұл Г.В. Плеханов атындағы

Мәскеу халық шаруашылық институтының экономист қауымының ғалымдарының қаймағы түгел жиналған ғылыми кеңесте: «Кенжеғали Әбенұлының диссертациялық еңбегінің құндылығы, онда материалдық техникалық жабдықтаудың тиімділігін жоғарлату, оны дұрыс жоспарлау тақырыбы, зерттеудегі алғашқы адым әрі, күрделі жұмыс деп» атап өтті диссертациялық кеңестің ресми төрағасы э.ғ.д., профессор Н.Д.Фасоляк. Кенжекеңнің талапты даралығы мен мінез байлығын осы диссертациялық кеңесте көрсете білуі менің әлі есімде. Бәрі де диссертант еңбегінің құндылығын көңілдері толып, болашағы мол екенін сезіп, кеңес мүшелері бәрі бір ауыздан қолдады. Осы жас ғалымның өсуіне, бүгінде нарықтық экономиканың бағытымен дамуын (талдаулар мен теориялық болжамдар) кітап пен журнал - газет бетінде мақалаларда жазып шығарып жатты, осылайша, ғылыми негізін дамыта отырып, оны экономика ғылымының да үлкен, іргелі, ірі ғылыми үрдісті, жоғары мектептің қалыптасуына, дамуына алып келді. Осының бәрі қоғамға қосқан табысы деп білуіміз керек.

Кенжеғали Әбенұлы - достықтың эталоны. Достары мен жолдастарына адал, өте қадірлі, сыйлы, өзі де оларда сый-құрметін аямайды, айналасына нұр шашып, рақымшылық пен өнегелі ұстаздықпен, адалдықтың үлгісін ғанытып келеді, халыққа осындай беделімен қадірлі.

Қорыта келе айтарымыз – Кенжеғали Әбенұлы, мерейтойыңыз құтты болсын, ғылыми жұмысыңыз бен ұстаздық қызметіңіз арта берсін.